

Жетікөл ауылдық округі аудан орталығынан 45 шақырым жерде Бұлдырты өзенінің жағасында орналасқан. Округ аумағына, округ орталығы Қосарал ауылы және бұрынғы бөлімше аталған Жетікөл, Ағоба, Қарақұдық ауылдары кіреді.

2002-2005 жж аумағында 308 үйде, 1551 адам тұрды.

Оның ішінде зейнеткерлер – 125; бюджеттік сала қызметкерлері – 110; студенттер саны – 57; оқушылар саны - 327; мектепке дейінгі балалар саны – 141 болды.

2002-2005 жылдары округ аумағында 7 азамат шағын кәсіпкерлікпен айналысып, өздерінің жеке дүкендерін ашып, ауыл тұрғындарына қызмет етті. Ауыл халқына барлық азық-түлік, тұрмысқа қажетті тауарлармен қамтамасыз етіп отырды.

«Жетікөл ауылдық округі әкімшілігі» 2002 жылдан 2005 жылдың наурыз айына дейін Сырым ауданы әкімі аппаратының құрамында болып, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жұмыс жасады.

2002-2005 жылдары әкімшілікте 1 әкім, 1 бас маман, 1 маман, 1 еден жуушы, барлы 4 адам жұмыс жасады. Ауылдық әкімшіліктің негізгі міндеті жоғарғы мемлекеттік органдармен берілген тапсырмаларды орындап, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру болды.

2005 жылдың 15 наурызынан бастап ауылдық әкімшілік «Жетікөл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ болып аталып, өз алдына заңды тұлға болып, әділет органдарына тіркелді. Осы кезде ауылдық округі әкімі аппаратында 1 саяси қызметкер, 3 мемлекеттік қызметші, 2 әлеуметтік қызметкер, 3 бу қазандығының операторлары, 1 еден жуушы, 1 аула сыпырушы, 1 автокөлік жүргізуші барлығы 12 адам жұмыс жасады.

2002-2005 жылдар аралығында әр жылдарда мал саны: ірі қара – 2370-2333 бас, қой-ешкі – 7007-6445 бас, жылқы – 320-313 бас, түйе – 8 бас болып өзгеріп отырды. Ауылдық округтің жұмыссыз бос азаматтарды осы жеке малдарын бағып, өздерін жұмыспен қамтыса, екінші жағынан өздерін арзан азық-түлікпен қамтып отырады.

2002-2005 жылдар аралығында округте 21 шаруа қожалығы тіркеліп мал шаруашылығымен айналысты. Шаруашылықтар ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып 67 адам тұрақты жұмыс жасады және өздерінің өндірген жем-шөппен ауыл тұрғындарын арзан тауарлармен қамтамасыз етті.

2002-2005 жылдары округ аумағында 291 оқушыға білім беретін 1 орта мектеп, 1 мектеп жанындағы интернат, 3 бастауыш мектеп жұмыс жасап, 40 мұғалім балаларға білім берді.

Округ орталығында 1 ауылдық дәрігерлік амбулатория, елді мекендерде 3 фельдшерлік пункт жұмыс жасап, 1 жоғарғы білімді, 8 арнаулы орта білімді мамандар ауыл тұрғындарына қызмет етті.

Қосарал ауылында 1 кітапхана жұмыс жасап, тұрғындарына 18900 дана кітаппен және газет-журналдармен қызмет етіп отырды.

2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 2002-2005 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық сараптау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде № 3 тізімдемеге 2002-2005 жж – 12 с.б., № 3ж тізімдемеге – 4 с.б., № 4 тізімдемеге 15

с.б., мұрағатқа тапсыруға өңделіп, жаңа мұқабаларға тігіліп, нөмірленді. Барлығы 31 сақтау бірлігі.

№ 3 тізімдемеге – ауылдық округтің өкімі, шешімдері, ауылдық округі тұрғындарымен өткізілетін жиналыстардың хаттамалары, жолдаудың орындалуы жөніндегі ақпараттық насихаттау тобының құжаттары, жұмыс жоспарлары, мал саны туралы статистикалық есептер, тұрғындар саны мен құрамы туралы есептер т.б., № 3 ж тізімдемеге – ауыл әкімінің жеке құрам жөніндегі өкімдері, әкім аппарат басшысының бұйрықтары, еңбекақы есептеу ведомастары, ЖЗҚ зейнетақы жарналарын аудару құжаттары, №4 тізімдемеге шаруашылықтардың әліпбилік және шаруашылық кітаптары енгізілді.

Тұрғындар саны жөніндегі статистикалық есептердің нысандары көрсетілмеген, жәй қағазға компьютер арқылы жазылып жасалған кесте және 2005 жылғы істер номенклатурасында жеке құрам жөніндегі өкімдері болмауына байланысты 1-4.1 индексі берілді. Істерге индекс нөмірі 2005 жылғы істер номенклатурасынан алынды.

Тарихи құндылығы мен практикалық маңызын жойған 18 іс жою актісіне жою үшін іріктеп алынды және 2002-2005 жылдардағы жетіспейтін құжаттарға да акт жасалды.

Құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіліп, сақталу жағдайы қанағаттанарлық.

**Жетікөл ауылдық  
округінің әкімі**



*С.С.Габдуллин* С.С.Габдуллин

## Тарихи анықтама

Қосарал ауылы

“ \_\_\_\_\_ ” 2005 ж.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің 04.04.1994 жылғы №53 қаулысы «Қазақстан Республикасының әкімшілік – құқықтық құрылымы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұрынғы Жетікөл ауылдық әкімшілігі, Жетікөл ауылдық округі болып құрылды. (Негіз қ-112 Т-1, І - 105)

Бүгінгі таңда Жетікөл ауылдық округі аудандағы іргелі шаруашылық.

Ауылдық округтің қызметіне азаматтардың құқықтарын қорғау, тұрғындардың арыз-шағым, өтініштерін қарау, салықтың жиналуына өз аумағында жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясын орындауларына ықпал ету кіреді.

Ауылдық округтің құрылымы: әкім, бас маман, бас маман – есепші, жетекші маман, маман, статист, автокөлік жүргізуші, атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі статист, вет. инспектор, әлеуметтік қызметкер.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалында Жетікөл селолық кеңесінің 1970-1993 жылдардағы 478 іс бірліктері сақталуда.

(Негіз қ-112, Т – 1,2)

Биылғы жылы ғылыми-техникалық сараптауға 1993-2001 жылдардығы құжаттары түсті. Нәтижесінде мына тізімдемелер құрылды.

- Тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесіне (жалғасы) 2000-2001 жылдардың 7 (жеті) ісі енгізілді, тізімдемелер құрамына ауылдық округ әкімінің өкімдері, шешімдері, статистикалық есептер енгізілді.
- Тұрақты сақталатын істердің № 2 тізімдемесіне 1996-2000 жылдардың шаруашылық, әліппелік кітаптары 21 (жиырма бір) іс енгізілді.

Жеке құрам жөніндегі құжаттар аудан әкімшілігінде болғандықтан жасақталған жоқ.

Сақталу мерзімі өткен, тарихи құндылығы жоқ 61 (алпыс бір) іс көлеміндегі құжаттарға акт жасалынды.

Округтегі құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіледі. Оны сақтау жағдайы қанағаттанарлық.

Жетікөл а/о әкімі

Н.Чукуров



Мемлекеттік мұрағаттың Сырым  
филиалының директоры

Ғ.Рамазанов

*Handwritten signature*

№ 112 қорға тарихи анықтама (қосымша)

Қосарал ауылы

20.02.2002 ж.

1992 жылы “атқару комитеті” деген атауы алынып халық депутаттары Жетікол селолық кеңесі, Сырым ауданы, Батыс Қазақстан облысы болып атауы өзгертілген.

“Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы” Заңының 48 бабына сәйкесті Жетікол ауылдық әкімшілігі құрылып, әкім тағайындалып 1994 жылғы қантар айынан әкімшілік өз жұмысын бастаған.

1995 жылдың тамыз айынан бастауымен ауылдық округ болып аталды.

Аталған № 112 қорда № 1 тізімдемелерімен 1970-1980 жылдарға 203, № 2 тізімдемесімен 1977-1979 жылдарға 23 істер мұрағатта сақталуда.

Жымпиты ауданы халық депутаттары Жетікол селолық кеңесі атқару комитетінің 1978-1995 жылдардағы құжаттары мұрағатқа тапсыру үшін сараптаудан өткізіліп 3 тізімдеме жасалды.

Құжаттарды сараптап, ғылыми-техникалық ондеуден өткізгеннен кейін тұрақты сақталатын құжаттардың № 1 тізімдемесі жасалды, оған 1986-1993 жылдар аралығында 109 істер енгізілді, олар селолық кеңесі атқару комитетінің қызметіне қатысты, сессия хаттамалары, қаулылары, шешімдері, өкімдері, тұрақты комиссияларының құжаттары, бюджеті, штаттық кестесі мен шығындар сметасы т.б. тұрақты сақталатын құжаттар.

Жеке құрамы жоніндегі құжаттардың № 1 “ж” тізімдемесіне 1978-1992 жылдардағы 11 істер енгізілді.

№ 2 тізімдемеге 1980-1995 жылдар аралығындағы шаруашылық, алфавиттік кітаптары бар, 51 іс енгізілді. Сонда барлығы 171 іс облыстық мұрағаттар басқармасының СТҚ-на ұсынылды.

Сақталу мерзімі өтіп, ғылыми-практикалық құндылығын жойған 28 істер көлеміндегі құжаттар жою үшін іріктеп алынып, акт жасалды.

Тұрақты сақталуға жататын, бірақ мұрағатқа тапсырғанда жоқ болған құжаттарға акт жасалды.

1990 жылға дейін істер номенклатурасының болмауына байланысты тізімдемелерге индекстер қойылған жоқ.

Мұрағатқа тапсырылған құжаттардың физикалық жай-күйі қанағаттарлық. Құжаттар мемлекет тілінде жазылған.



Сырым филиалының мұрағат директоры

Ж.Отегенов



Орал облыстық  
Мемлекеттік архивінің  
Жымпиты филиалы

Государственный архив  
Уральской области  
Джамбейтинский филиал  
Тел № 21-5 -75.

№ \_\_\_\_\_

„ 2 сентября 19 93 г.

ИСТОРИЧЕСКАЯ СПРАВКА

на фонд № 12 "Исполнительный комитет ЖЕТЫКУЛЬСКОЙ СЕЛЬСКИЙ СОВЕТ НАРОДНЫХ ДЕПУТАТОВ, СЫРЫМСКОГО (до X.1992г Джамбейтинский) РАЙОНА, ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО (до X.1992г Уральская) области, Республики Казахстан"

I-раздел: Исполком Жетыкульского сельского совета народных депутатов образован на основании решении сессии Уральского облсовета и/д, в результате реорганизации (разукрепления) совхоза им. АБАЯ на две самостоятельные хозяйства: совхоз им. АБАЯ и совхоз Жетыкульский, соответственно разделении части территории Сарыкского сельского совета и/д.

Первая (организационная) сессия сельского совета состоялась 17-октября 1970 года. Сельский совет охватывает только территории Жетыкульского совхоза (всего: 4 крупные населенные пункты, центральная усадьба - Кесарал, 3 отделения, соответственно названиями АКШКОЛА, АГОБА и КАРАКУДУК). Население на I.01.1993г около 4-4,1 тыс. человек. Сельский совет решением облисполкома (сейчас администрации) считается отгемной территорией, отнесется к безземельной зоне. Основное производственное направление совхоза, имеется более 31 тыс. голов общественного поголовья свец, из них 6 тыс. гол. овцы племенные породы. Есть еще 11 тыс. КРС, 600 гол. лошадей. Пашня 4 тыс. гектара, в основном выращивает фуражное зерно - ячмень. Гессдача зерновх не предусматривается. 99,9% населения коренные жители - казахи, имеется чечени, русские, татары, дунгаи, украинцы (их 1-23 чел) каждого

С 1992 года название "ИСПОЛКОМ" снято, далее будет именоваться "ЖЕТЫКУЛЬСКИЙ СЕЛЬСКИЙ СОВЕТ НАРОДНЫХ ДЕПУТАТОВ, СЫРЫМСКИЙ РАЙОН, ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН".

В связи празднованием 250-летия со дня рождения великого поэта-гению, народному герою (батыра) СЫРЫМА ДАТОВА.

II-раздел: В филиале документы Жетыкульского сельского совета хранятся (17.10) 1970-1980 годы, в них:

- Опись-1 (1970-75гг) . . . . . 69ед.хр
- Связки 1-2.
- Опись-1пр (1976-80гг) . . . . . 89ед.хр.
- материал, смешанный к переработке не подлежат. Св. 3-4.
- Связка-5 (только хез. книги 1977-79гг) . . . . . 20книг

III-раздел: Настоящим представляется на утверждение в ЭПК ОГА

ОПИСЬ-1пр (1981-85гг) . . . . . 64ед.хр.

Опись-1пр (1981-85гг) . . . . . 10ед.хр.

Акты (1981-85гг) . . . . . 1ед.хр.



*А. А. А.*  
АТСА АРБАЕВ